

«Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңес мүшелері отырысының №1 хаттамасы

Қарауылкелді ауылы

25.09.2024жыл

Өткізілетін орны: «Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы

Қатысушылар: Балабақша меңгерушісі, қамқоршылық кеңес мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстыру
2. Қамқоршылық кеңес төрағасын, мүшелерін сайлау.
3. Қамқоршылық кеңес жоспарымен таныстыру
4. Балабақшадағы 2024 жыл бойынша жасалған жұмыстарға есеп беру

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бйынша балабақша меңгерушісі Э.М.Амангосова «Білім беру ұйымдарында және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен және мектепке дейінгі қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібімен таныстырды. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайтындығы туралы айта отырып, кеңес жұмысын түсіндірді. Қамқоршылық кеңеске ата-аналар өз еріктерімен мүше бола алады, мекеме педагогтары мүше бола алмайды. Тек қана арнайы өкілдікке келген тұлғалар мен ата-аналар бола алады. Қамқоршылық кеңесті құру үшін білім беру ұйымының әкімшілігіне, мүдделі мемлекеттік органдарға хат жіберіледі. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды. Кемінде 5(бес) адам, оның ішінде мемлекеттік органдар өкілдерінің саны Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы саны $\frac{2}{3}$ (үштен екісінен) аспайды. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан оның бірінші отырысында сайланады, ол туралы хаттамалық шешім шығарылады. Қамқоршылық кеңестің отырысы тоқсанына кемінде 1 рет өткізіледі. Қамқоршылық кеңестің отырыстарын бейне конференция байланыс режимінде өткізуге жол беріледі. Отырысты өткізу туралы ақпаратты

Қамқоршылық кеңестің хатшысы хабардар ете отырып, мектепке дейінгі ұйымның интернет ресурсында орналастырылады. Интернет ресурстағы ақпарат отырыстың өткізілетін күнін, уақытын және орнын камтиды. Мектепке дейінгі ұйым жыл сайын қаржы жылының қорытындысы бойынша ата-аналар жұртшылығын осы мектепке дейінгі ұйымның интернет ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қызмет нәтижелері арқылы қызмет нәтижелері туралы хабардар етеді деп таныстырып, түсіндіріп өтті.

2.Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.Абишева қамқоршылық кеңес жоспарымен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты балабақшаның мақсат, міндеттерін жүзеге асыруға көмектесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру. Араларыңыздан сайланған қамқоршылық кеңес мүшелері жыл бойы бекітілген осы жылдық жоспар бойынша жұмыс жасайды. Жыл бойына жасалған іс-шаралар жоспары ата-аналар тарапынан бір ауыздан қолдау тапты.

3.Келес мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрағасын, мүшелерін сайлау бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы – Меделбаев Қуаныш Серікұлы

Қамқоршылық кеңес мүшелері: Қожабергенова Шолпан, Орманова Римма Туркпенбаевна, Калменова Нургуль Тузелбаевна, Рита Халыққызы, Кадирова Мирзайда Улыкпановна, Сағынай Диана Асқарқызы.

Кеңес хатшысы: Абишева Гулсим Нуржигитовна

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды.

Соңғы мәселеде балабақшадағы атқарылған жұмыстарға шолу жасалды. Жан басына қаржыландыру әдістемесі бойынша қаржы бөлініп, бөлінген қаржы өз мақсаттарына жопарлы түрде жұмсалды. Атап айтатын болсам, қызметкерлердің айлығы, коммуналдық, салық төлемдеріне жұмсалды.

Тамақтану мәселесіне келетін болсақ, 2024 жылға балаларды тамақтандыру бұрынғы тамақ жеткізушімен пролангация тәсілі бойынша келісім-шарт жасалды.


Балаларды балабақшаға қабылдау қызметі бойынша ешқандай қиыншылық жоқ, себебі автоматтандырылған жүйе негізінде қабылданады.

Кадр мәселесіне келетін болсам, тұрақтылық сақталған.

ШЕШІМ:


1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығын басшылыққа ала отырып, жоғарыда аты аталған тұлғалар Қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелері болып бекітілсін;
2. Қамқоршылық кеңес жаңа құрамымен өз жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізісін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Қ.Меделбаев

Кеңес хатшысы:



Г.Абишева

**«Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңес
мүшелері отырысының №2 хаттамасы**

Қарауылкелді ауылы

25.12.2024жыл

Өткізілетін орны: «Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы

Қатысушылар: Балабақша меңгерушісі, қамқоршылық кеңес мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі
2. Материалдық жағдайымен танысу

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қ.Меделбаев, қамқоршылық кеңестің негізгі мақсат балабақша тәрбиеленушілердің қауіпсіз ортада тәрбиеленуі, білім беру мен тәрбиелеу қызметінің сапасын арттыру. Сондықтан да ең алдымен балалардың қауіпсіздігі басты назарда болу керек. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» №305 қаулысының 53 бабының 2 тармағы *объектідегі ахуалды бақылау бойынша байланыс, хабарлау, күзет және дабыл сигнализациясының жүйелері мен құралдары (оның ішінде дабыл берудің ұтқыр не стационарлық құралдары – «дабыл түймелері») болуы* міндетті. Алайда балабақша ғимаратына кіруді бақылау және басқару жүйесін ұйымдастыру үшін хабарландыру жүйесін «дабыл түймесі» орналастыру үшін қажет еткен. Балабақша тәрбиеленушілері мен қызметкерлері қолайлы жағдайдар мен қауіпсіз орта құру, адамдар жаппай жиналатын жерлерде балаларды бақылау және қадағалау мүмкіндігін жасау мақсатында мекемеде барлығы 12 бейнебақылау жүйесі іске қосылған. Оның 11 –і іште орналасса, сыртта 1 камера орналастырылған. Барлық бейнебақылау бюджет есебінен қондырылған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы» №832 қаулысында көрсетілген бірыңғай талаптарға сәйкес келмейді. Барлық бейнебақылау камералары аналогты.

Қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-ана Р.Орманова сөз алды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 – тараудың 2 тармағының б) тармақшасын орындау мақсатында топтарда даму күзіреттілігі бойынша ҰОҚ барысында мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, тәрбиелейтін де негізгі іс-әрекет- ойын. Балалар ойын орталықтарында қызығушылықтары бойынша ойындар ойнау арқылы әлеуметтік-эмоционалдық, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мақсатында *көрнекіліктер мен үлестірмелі материалдар, және әдістемелік оқулықтар, балаларға арналған ертегі кітаптар, көкөністер мен жемістердің нақішіндері, маусымдық киімдері бар қуыршақтар, қуыршақ театрына арналған шымылдық, театр түрлері, дамытушы ойындар, спорттық ойын құрал-жабдықтары, үстел үсті ойындары, сюжеттік-рөлдік ойындар , т.б.ойыншықтарды* балалардың жас ерекшелігіне сай жеткілікті деңгейде қамтамасыз ету үшін қаржы қарастыруды сұраймын.

ШЕШІМ:


1. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі басты назарда болсын.
2. Балабақшаның материалдық-техникалық жағдайы талапқа сай жабдықталсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Қ.Меделбаев

Кеңес хатшысы:



Г.Абишева

«Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңес мүшелері отырысының №3 хаттамасы

Қарауылкелді ауылы

20.02.2025 жыл

Өткізілетін орны: «Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы

Қатысушылар: Балабақша меңгерушісі, қамқоршылық кеңес мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу
2. Мемлекеттік сатып алу жоспарын веб-порталға орналастыру. 2025 жылға қаржыны жоспарлау іс-шараларын бақылау.

ТЫНДАЛДЫ:

Күн тәртібінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18-қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа іс қимыл туралы» Заң талаптарын қатаң сақтау туралы мәселе қозғалды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында білім беру мекемелерінде ақша жинауға тыйым салу, Сыбайлас жемқорлықтың белгілері орын алған жағдайда, Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің сенім телефонына қоңырау шалу керектігі айтылды. Білім беру мекеме басшысы жауапқа тартылатындығы ескертілді. Сонымен қатар білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау аттестациясы аяқталған соң, мемлекеттік аттестаттау комиссиясына бір ай бұрын мерзімде құжаттар жеткізу қажеттілігін атап өтті. Егер мерзімінен кешіккен жағдайда аттестатталмады деп есептелінеді. Комиссия мүшелері арасында және балабақша ұжым арасында түсіндірме жұмыстары жоспарлы түрде жиі жүргізіліп отырады. Сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда мекеменің, Байғанин аудандық білім бөлімінің, Ақтөбе облыстық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің, облыстық білім басқармасының сенім телефондары ата-аналарға және мекеме қызметкерлеріне қол жетімді жерде орналастырылған. Сыбайлас жемқорлық, заң бұзушылық факторлары анықталған жағдайда мектепке дейінгі ұйым басшысына тікелей қоңырау шалу линиясы жұмыс жасайды. Жеке және заңды тұлғалардың арыздары мен шағымдарына арналған сенім жәшіктері оңтайлы орынға орналастырылған.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Д.Сағынай күн тәртібіндегі мәселе бойынша 2025 жылы қызмет, жұмыс, тауарларды мемлекеттік сатып алуды веб

порталға жылдық жоспарды орналастыру туралы мәселе қозғалды. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 -V «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының 5 бабы, 2 тармағына сәйкес 5 жұмыс күн ішінде орналасытыру қажет. 2025 жыл бойынша келісім шарт жасалып, мемлекеттік сатып алу веб порталда орналастырылған. Мекемеге бөлінетін қаржы мемлекеттік тапсырыс бойынша баласаны 75 жобалық қуатпен берілген. 2025 жылдың қаңтар айында №3 «Қызметкерлердің еңбек өтілін есептеу туралы» бұйрығы бекітіліп, педагогтер мен қызметкерлердің айлық ақысы қайта жаңатарифтік жүйемен есептеліп, жаңартылған. Балабақшаға көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар көлемі анықталып, мемлекеттік веб-порталына жарияланып, жеңімпаздары анықталып, олармен 1 жылға келісім шарт жасалған.

ШЕШІМ:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары күшейтілсін.
2. Мекеме қаржысы нысаналы жұмсалуын басты назарға алу.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Қ. Меделбаев

Қ. Меделбаев

Кеңес хатшысы:

Г. Абишева

Г. Абишева

**«Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңес
мүшелері отырысының №4 хаттамасы**

Қарауылкелді ауылы

30.05.2025жыл

Өткізілетін орны: «Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы

Қатысушылар: Балабақша меңгерушісі, қамқоршылық кеңес мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Тәрбиеленушілерге берілетін тағам сапасына мониторинг жүргізу
2. Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысының талдау есебі.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері балабақша медбикесі Фариза Аманкелдиевамен бірге балабақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу реттілігі мен қоймада сақталуын қадағалады. Асхана жағы ас дайындайтын зоналармен, технологиясымен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астын топтарға уақытымен таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астын сапасына бақылау жүргізді. Балабақшаның жаз айларындағы және қыс айларындағы 10 күндік ас мәзірімен танысты. Салауатты өмір салты мен тамақтану гигиенасының негізгі талаптары: азық-түліктердің құрамы, сапасы мен көлемі, тәртібі мен ұйымдастырылуы. Мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс тамақтануының негізгі ережесі, күнделікті азығының құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар: ет, балық, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқа, жеміс-жидектер мен көкөністер, кант және кондитерлік бұйымдарды, нан, дәнді-дақылдар және т.б. азық-түліктерін күнделікті тамақ үлесіне қосын отырған жағдайда, баланың берік денсаулығын қамтамасыз ету басты мақсатымыз деп айта отырып, балабақшада басты назар ас мәзірінің дұрыс құрылуы мен тамақ дайындау технологиясына аударылады. Тамақ әзірлеу ережелерін сақтап, ас мәзірін қалағалау жұмыстары бас медбикеге жүктеледі және ол балалардың дұрыс тамақтануын қадағалап отыру.

Балабақшадағы балалардың тамақтану үдерісін қадағалау жұмыстарындағы медбикенің міндеттері:

- жеткізілген азық-түліктердің сапасын бақылау;
- сақтау мерзімінің талаптарын орындау;
- ас мәзірінің құрамы, тағамдардың мөлшерін қадағалау; тағам дайындау технологиясы - ережелерінің сақталуы;
- балалардың физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты құрылатын ас мәзірінің сапасын қадағаланды.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі Рита Халыққызы ас әзірлейтін бөлімнің санитарлық тазалығы мен қызметкерлердің жеке басының гигиенасын ұстауын тексеріп, топтағы балаларға тамақтардың жеткізілуін қадағалады. Жеткізілген азық-түліктердің сапасы мен сақталу мерзімі, шарты, пайдалану уақытының бақылау жұмыстары күнделікті жүргізіліп отырғанына көзін жеткізді. Мектепке дейінгі ұйымдарға жеткізілетін тамақ өнімдері мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес тексеріледі. Тез бұзылатын өнімдердің сапа куәлігінде: сұрыпы мен санаты, пайдалану мерзімі, зертханалық мәліметтері, сақтау мерзімі көрсетілуі керек. Балалар ас мәзірінің қажетті мазмұны тамақ үлесінің химиялық құрамының мөлшелеріне байланысты жасалуын тексеріп шықты.

Мектеп жасына дейінгі балаларды күніне төрт мезгіл тамақтандыру қажет. Негізгі тамақтанудың арасы 3,5-4 сағат болғаны дұрыс. Қосымша жеңіл-желпі тісбасарлар беріледі. Күннің бірінші жартысында бала ағзасына пайдалы дәрумендермен байытылған және ақуыз бен майға қаныққан тағамдарды беру ұсынылса, кешкі асқа: тез қорытылатын жеміс-жидектер мен көкөністер, сүт өнімдерін дайындап беру. Балалар тағамының тәуліктік үлесінің көп мөлшерін мектепке дейінгі ұйымдар беретінін ескере отырып, тамақтануды ұйымдастырушылар, балаға күш беретін құнарлы тағамдармен камтамасыз етулері керек. Тағамдар, міндетті түрде, ас құрамы мен мөлшері көрсетілген технологиялық картадағы нұсқаулықтар бойынша әзірленуі керек. Ас мәзіріндегі тағамдар мен аспаздық өнімдер тізімі күн ішінде, келесі 2-3 күнде қайталанбауы керек. Күнделікті тамақтану тәртібінің тізіміне енетін өнімдер: ет, сүт, сары және өсімдік майы, бидай наны немесе қара бидай наны, қант және көкөністер. Балық, жұмыртқа, ірімшік, сүзбе, құс етін 2-7 күнде 1 рет. Түскі астың құрамы: салат, бірінші, екінші тағамдары (негізінен ет, балық, құс еті қосылған ыстық тағамдар) және үшіншіге (жеміс қайнатпасы, кисель, шай). Көкөністердің (қияр, қызанақ, орамжапырақ, сәбіз, қызылша, аскөк) қайнатылған, шикі түрлерінен жеңіл салаттар дайындау. Бесін астың мәзіріне сусындар кіреді (сүт, сүт қышқылы өнімдері, кисель, шырын) майсыз тоқаштар мен кондитерлік өнімдер. Кешкі астың құрамы: көкөністер мен сүзбеден тағамдар, ботқалар: Екінші кешкі ас ретінде: бөлке нан мен кондитерлік өнімдерді, жеміс-жидектер, сүт қышқылы өнімдерін беруге болатынына кеңес беріп өтті.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қ.Меделбаев жалпы балабақшада балалардың сапалы тамақтануын ұйымдастыру талапқа сай екендігіне көз жеткізіп, ата-аналар тарапынан ризашылығын білдірді.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қ.Меделбаев 2024-2025 оқу жылы бойынша жыл бойы жасалған жұмыстарға шолу жасап есеп беріп өтті. Өз есеп беруінде Қамқоршылық кеңесінің жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №№355 бұйрығына сәйкес құрылған балабақшаның қамқоршылық кеңесінің мүшелері 5

мүшеден, 1 хатшыдан және 1 төрағадан тұратынын атап өтті. Қамқоршылық кеңесінің жоспары құрылып, бекітілді. Жоспарға сай оқу жылы бойына 4 рет отырыс өткізілді. Кеңес отырыстары уақытында хаттамаланып, балабақшаның әлеуметтік желілеріне жарияланып отырылды. Оқу жылы бойына қаралған мәселелер. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстыру. Қамқоршылық кеңес төрағасын, мүшелерін сайлау. Қамқоршылық кеңес жоспарымен таныстыру Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Мемлекеттік сатын алу жоспарын веб-портала орналастыру. 2024 жылға қаржыны жоспарлау іс-шараларын бақылау. Балабақша тәрбиеленушілерінің өмір қауіпсіздігін сақтау. Материалдық жағдаймен танысу. Тәрбиеленушілерге берілетін тағам сапасына мониторинг жүргізу. Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысының талдау есебі.

ШЕШІМ:


1. Тәрбиеленушілерге берілетін тағам сапасы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Қамқоршылық кеңес есебі назарға алынсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Қ.Меделбаев

Кеңес хатшысы:



Г.Абишева